



«Армандаған автокөлігім» атты 15-ші Toyota балалар суреті конкурсына қатысу қағидалары мен шарттары

Конкурстың тақырыбы

«Армандаған автокөлігім».

Қатысушыларға қойылатын талаптар

Қазақстан Республикасында және Қырғызстан Республикасында тұратын 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер.

Жас санаттары

1. 1-санат: 7 жасқа дейін.
2. 2-санат: 8-11 жас.
3. 3-санат: 12-15 жас.

Өтінімдерді беру мерзімдері

2021 жылдың 7 желтоқсаны — 2022 жылдың 31 қаңтары

Қатысу қағидалары

Жұмыстар түпнұсқа күйінде *¹ де, цифрлық аналогтары түрінде *² де қабылданады. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстар төменде көрсетілген қағидаларға сәйкес келуі тиіс.

*¹: қолмен салған суреттер; компьютерлік графика техникасында орындалған еңбектердің басып шығарылған түрі;

*²: қолмен салған фотосуреттер/суреттердің скан нұсқалары; компьютерлік графика техникасында орындалған еңбектер.

1. Қағаздың өлшемі:

- * Ұсынылған формат – А3 немесе таблоид (27.9 x 43.2 см)
- * Сонымен қатар А4 форматы, quarto (22.9 x 27.9 см) және octavo (16.5 x 25.4 см) форматтары да қабылданады.
- * Қағаз парағының түсі, материалы және пішіні маңызды емес.
- * Қалыңдығы 5 мм-ден асатын шығармашылық жұмыстар жарамсыз деп табылады.

2. Сурет салуға арналған материалдар: кез келген.

- * Кез келген материалдарды (түрлі түсті қарындаштарды, фломастерлерді, борларды, бояуларды) қолдануға болады.

- * Компьютердің немесе басқа да электрондық құрылғылардың көмегімен жасалған жұмыстар қабылданады.
- * Жұмыстың шыққан нәтижесі екі өлшемді болса, өзге жұмыстарды ластамайтын болса және ерекше ұстауды қажет етпесе, коллаж немесе аппликация жасауға рұқсат етіледі.

Мына жұмыстар қабылданбайды:

- * Бірнеше қатысушы бірлесіп орындаған жұмыстар.
- * Конкурс қатысушысы болып саналмайтын басқа адамның жасаған жұмыстары.
- * Фотосуреттерге қарап салынған суреттер.
- * Белгілі көркем сурет туындыларына немесе бұған дейінгі «Армандаған автокөлігім» атты Toyota балалар суреті конкурсының жұмыстарына ұқсайтын суреттер.
- * Сауда маркалары белгілерінің, логотиптердің және танымал тауарлардың кескіндері бар суреттер.

Төрешілік

Жұмыстарды бағалау екі кезеңмен өтеді.

Ұлттық конкурс

1. Ұсынылған шығармашылық еңбектер Қазақстан мен Қырғызстан аумағында өтіп жатқан «Армандаған автокөлігім» атты балалар суреті конкурсының қағидаларына сәйкес бағаланады. Әрбір санаттан үздік үш жұмыстан іріктеліп алынады.
2. Қазақстан мен Қырғызстан аумағында өтіп жатқан «Армандаған автокөлігім» атты балалар суреті конкурсының әр санатындағы алғашқы үш орынға табан тіреген еңбектер Жапонияда өтетін халықаралық конкурсқа қатысады.

Халықаралық конкурс

1. Өртүрлі елдер мен аймақтардан халықаралық конкурсқа ұсынылған жұмыстардың арасынан жеңімпаздарды әділқазылар алқасы таңдайды.

Сыйлықтар

Ұлттық конкурс

Қазақстан мен Қырғызстан аумағында өтіп жатқан «Армандаған автокөлігім» атты балалар суреті конкурсында әр санаттағы үздік шыққан үш туынды веб-сайтқа ілінетін болады, ал олардың авторларына бағалы сыйлықтар табысталады.

Халықаралық конкурс

Әрбір санаттағы Гран-при жүлдесінің иегерлеріне (үш адам), барлық санаттардағы арнайы сыйлықтардың иегерлеріне (екі адам) және олардың мектептеріне білім алу мақсатында қолдануға арналған бағалы сыйлықтар табысталады. Қазақстаннан немесе Қырғызстаннан қатысқан бала Конкурстың халықаралық кезеңінде жеңіп шықса, «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС ол қатысушыға әрі қарай істейтін әрекеті туралы хабарлайды.

Жеңімпаздарды жариялау

Конкурстық комиссия жеңімпазға (немесе әр топ үшін жауапты тұлғаға) және мектепке конкурста жеңгені туралы хабарлайды.

Қазақстан мен Қырғызстан аумағында өтіп жатқан «Армандаған автокөлігім» атты балалар суреті конкурсының нәтижелерін шамамен 2022 жылғы ақпан айының басында жариялау жоспарланып отыр, ал халықаралық конкурстың нәтижелері «Армандаған автокөлігім» атты Toyota балалар суреті конкурсының ресми сайтында шамамен 2022 жылдың тамыз айында жарияланатын болады. (Веб-сайтқа өту сілтемесі: <https://www.toyota-dreamcarart.com.>)

Ескертпелер

1. Бұрын берілген өтінімдер, басқа конкурстарға өтінімдер, сондай-ақ үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзатын материалдар қабылданбайды.
2. Бір адамның бірнеше өтінім беруіне болады. Алайда бір адам тек бір сыйлық ала алады.
3. Toyota компаниясы немесе Toyota Motor корпорациясымен байланысты компаниялар қызметкерлерінің отбасы мүшелері конкурсқа қатысуға құқылы.
4. Конкурс шеңберінде жиналған дербес деректер өзге мақсаттарда пайдаланылмайды.
5. Конкурсқа қатысуға қолдан салынған жұмыстардың цифрлық көшірмелерін ұсынған халықаралық конкурстың жеңімпаздарына Toyota Motor Corporation компаниясында марапаттау рәсімі және көпшілікке таныстыру үшін жұмыстардың түпнұсқаларын Toyota Motor Corporation компаниясына жіберу қажет болады.
6. Ұсынылған шығармашылық жұмыстарға жариялауды, пайдалануды, бейімдеуді, редакциялауды және түзетуді қоса алғандағы, бірақ олармен шектелмейтін барлық құқықтар «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС-не және Toyota Motor корпорациясына тиесілі болады.
7. Ұсынылған жұмыстар «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС және Toyota Motor Corporation жарнамалық және баспа материалдарында, сондай-ақ конкурсқа қолдау көрсеткен және Toyota Motor Corporation ресми мақұлдауын алған серіктес компаниялардың жарнамалық мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін.
8. Сыйлықты алу құқығын үшінші тарапқа беруге немесе сатуға болмайды.
9. Жеңімпаздар Toyota Motor корпорациясына біліктілік талаптарына сәйкестігін растауды ұсынуы, сондай-ақ өздерінің марапатқа ие болған жұмыстарын басқа көркемсурет конкурстарына ұсынбайтыны туралы шартқа қол қоюлары тиіс.
10. Конкурс заңда көзделген тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын аймақтарда өткізіле алмайды.

Мүліктік құқықтарды беру.

Конкурс өткізілетін уақытта Конкурсқа қатысушы/қатысушының заңды өкілі суретті Ұйымдастырушының тегін қолдануына рұқсат береді. Конкурсқа қатысу өтінімін/сауалнамасын жолдай отырып, жұмыстарды ұсына отырып, Конкурсқа Қатысушы/оның заңды өкілі Конкурс ұйымдастырушысына суретті конкурс өтетін кезеңде кез келген тәсілмен және кез келген түрде пайдалануға рұқсатын (келісімін) береді, соның ішінде, бірақ онымен шектелместен:

1. **Туындыны пайдалану тәсілдері:** Конкурс өткізілетін уақытта Конкурсқа қатысушы және/немесе Қатысушының заңды өкілі туындыны (бұдан әрі «сурет» деп аталады) Ұйымдастырушының тегін қолдануына рұқсат береді. Конкурсқа қатысу өтінімін жолдай отырып, Конкурсқа Қатысушы және/немесе Қатысушының заңды өкілі Конкурс ұйымдастырушысына суретті конкурс өтетін кезеңде кез келген тәсілмен және кез келген түрде пайдалануға рұқсатын (келісімін) береді, соның ішінде, бірақ онымен шектелместен:
 - суретті жариялау;
 - суретті көрсету;
 - суретті жұртқа таныстыру;
 - суретті эфирге шығару;
 - сурет кабелі бойынша хабарлау.
 - суретті жұртшылық назарына ұсыну.
2. **Мерзімі мен аумағы:** Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ерекше авторлық құқықтардың қолданылу мерзімі ішінде әлемнің барлық елі (әлемнің барлық елінің кез келген аумағы).
3. **Сыйақы:** Қатысушы және/немесе Қатысушының заңды өкілі мүліктік құқықты Ұйымдастырушыға тегін негізде береді.
4. **Ерекше құқықтарды иеліктен айыру:** Конкурс жеңімпазы және/немесе Конкурс жеңімпазының заңды өкілі осымен суреттің айрықша құқығын әрі қарай тегін иеліктен айыруға және жоғарыда аталған құқықтарды Конкурс Ұйымдастырушысына әрі қарай үшінші тұлғаға беру құқығымен табыстауға берген рұқсатын растайды және оған келіседі.

Үшінші тұлғалар тарапынан авторлық құқықтарға қатысты шағымдар туындаған жағдайда қатысушы және/немесе оның заңды өкілі бұл мәселені өз бетінше «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС-ін қатыстырмай шешетін болады.

Кез келген дараландыру құралдарына (тауар белгілері және қызмет көрсету белгілері, коммерциялық белгілер), атап айтқанда TOYOTA, CAMRY және т.б. барлық құқықтар құқық иесі – Toyota Motor Corporation компаниясында қалады.

Дербес деректерді өңдеу

Пайдалану мақсаттары:

1. Осы конкурстың төрешілігі және төрешілік нәтижелері туралы хабарлау.
2. Қосымша сыйлықты пошта арқылы жіберу.
3. Осы конкурсты жақсарту мақсатындағы сауалнамалар, маркетингтік зерттеулер үшін анонимді статистикалық талдау жүргізу және т.б.

4. Toyota Motor Corporation конкурсты әділ және қауіпсіз өткізу үшін қажет деп санайтын және тиісті кепілдіктер беретін кез келген пайдалану.

- Дербес деректерді үшінші тұлғаларға ашу: дербес деректерді мердігерлерге осы конкурсты өткізу үшін қажетті көлемде беруді қоспағанда, дербес деректер жеке тұлғаның рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.
 - Конкурсты өткізу кезінде дербес деректер дербес деректерді өңдеуге келісімшарт жасасқан және тиісті кепілдіктерді ұсынған компанияға беріледі.
 - Қатысушы және/немесе оның заңды өкілі сауалнаманы толтыра және жолдай отырып және/немесе жұмысты ұсына отырып, осы Қағидалармен танысқанын және олардың шарттарына келісетінін, конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын жұмыстарына барлық авторлық құқықтары мен басқа да құқықтары бар екенін растайды, сондай-ақ олар сауалнамада көрсеткен мәліметтер шындыққа сай толық екенін растайды.
 - 3.5. Сауалнаманы толтыра және жолдай отырып және/немесе жұмыстарды ұсына отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 145-бабына сәйкес қатысушы/қатысушының заңды өкілі ТМҚЗ-ның, конкурсқа ТМҚЗ тартқан оның үлестес және үшінші тұлғаларының пайдасына өзі ұсынған бейнені сыйақы төлемей пайдалануға келісімін береді. Бейнесі конкурсқа байланысты мақсаттарда Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде баспа жарнамасында, интернеттегі жарнамада, бейнероликтерде, әлеуметтік желілерде, сыртқы жарнамада және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында пайдаланылуы мүмкін.
- 3.6. Сауалнаманы толтыра және жолдай отырып және/немесе жұмыстарды ұсына отырып, қатысушы / қатысушының заңды өкілі ТМҚЗ-ға және үшінші тұлғаларға конкурсқа қатысу мақсатында Сауалнамада көрсеткен, басқаша тәсілмен ұсынған дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімін береді. Келісім мерзімі – Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес.
- 3.7. ТМҚЗ кез келген уақытта еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ ТМҚЗ анықтаған басқа да жағдайларда қатысушыға тиісінше ескерте отырып, Конкурсты кез келген кезеңінде уақытша тоқтату, мерзімін өзгерту, тоқтатып тастау құқығын сақтап қалады.